

Хаттама №2.
Ата-аналармен мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жиыналыс

31 наурыз 2022 ж.

№4 Хромтау орта мектебі

Жиыналыс төрағасы: А.Т. Ешкеева
Хатшы: А. Шектибаева

Қатысқандар саны – 120 адамдар. (тізім бойынша)

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылында «№4 Хромтау орта мектеп» КММ-де мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге кеңес беру.

А.Т. Ешкеева – мектеп директоры

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Мектеп директоры-А.Т. Ешкеева

«№4 Хромтау орта мектебі» КММ-де көрсетіліп отырған мемлекеттік қызметтер туралы айтылды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша бұйрық арқылы жауапты тұлғалардың бекітілгені туралы, мектеп дәлізіндегі акпараттық стенд туралы, аудандық білім бөліміне тапсырылып отыратын есептер туралы айтты. Мемлекеттік қызметтер алу барысында ата-аналарды барлық заңдылықтарды сақтап отыру қажеттілігі туралы ұсыныс айтылды.

Мектептің бірінші қабатындағы дәліздегі стендте осы қызметтер туралы құжаттар толық тұрғаны ескертілді. Сонымен бірге мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жасайтын сенім телефондары таныстырылды.

2021-2022 оқу жылында енгізілген өзгерістер мен толықтырулар жөнінде хабарлама жасады.

2022 жылдың сәуір айынан «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына карамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» 1 сыныпқа оқушыларды қабылдау электронды түрде мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Ата-аналарға осы қызмет жөнінде толық акпарат берілді.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартындағы 9 пунктіндегі құжаттар тапсыру бойынша түсініктеме жасады.



СӨЙЛЕУШІЛЕР:

2. Әлеуметтік педагог-А.Ш. Балмұқаш

«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы хабарлама жасады.

Бұл қызметті қызмет алушы мектептегі көрсетілетін қызметті берушіге немесе мемлекеттік корпорацияға жүгінуіне болатындығы туралы айтты. Ата-аналардың алдағы уақытта осы қызметті мемлекеттік корпорация арқылы алуына бағыт берді. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін стандарттың 9 пунктіндегі тапсырылатын қажетті құжаттардың тізбесіне шолу жасады.

Мемлекеттік қызметтер бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап берілді.

Жиыналыс төрағасы:  А.Т. Ешкеева
Хатшы:  А. Шектибаева